

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 4 желтоқсандағы № 303 бірлескен қаулысы және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2025 жылғы 9 желтоқсандағы № 26/215-VIII шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес, "Глубокое ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгерту жөніндегі ұсыныс енгізу туралы" Глубокое ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 3 қыркүйектегі № 360 қаулысы мен Глубокое аудандық мәслихатының 2025 жылғы 20 қазандағы № 26/6-VIII шешімінің негізінде Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Малоубинка ауылдық округінің Карагужиха кенті өзге қоныстар санатына жатқызылсын;

Карагужиха қонысы Малоубинка ауылдық округі Малоубинка ауылының құрамына енгізілсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Сақтағанов

Облыстық мәслихаттың төрағасы

Д. Рыпаков